ҚАЗАҚСТАН ЕЛ АУМАҒЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ БАҒДАРЛАР БОЙЫНША ЖҮК КӨЛЕМІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЗДІКСІЗ ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ КОНТЕЙНЕРЛІК БАҒДАРЛАРҒА СҰРАНЫС ӨТЕ ЖОҒАРЫ. АЙТАЛЫҚ, ТРАНЗИТТІК КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ТОҒЫЗ АЙДА ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 28% ӨСКЕН. ОСЫ РЕТТЕ, KTZ EXPRESS ҚХР – ЕО БАҒЫТЫ БОЙЫНША РЕСЕЙЛІК, БАЛТЫҚ МАҢЫ ПОРТТАРЫ ЖӘНЕ ТХКБ АРҚЫЛЫ ҚОСЫМША БАҒДАРЛАРДЫ ДАМЫТУҒА ҚАТЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУДЕ.

Нұрлан ИГЕМБАЕВ
«KTZ Express» АҚ басқарма бас директоры

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№93 (2701)
09/11/2021

ЕКІБАСТҰЗ – ТЕМІРЖОЛ ӨНДІРІСІНІҢ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұз қаласына жұмыс сапары барысында теміржол кластеріне кіретін «Проммашкомплект» ЖШС жұмысымен танысты.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

Мемлекет басшысына теміржол дөңгелектерін шығаратын зауыттың өндіріс барысы көрсетіліп, жұмысшыларды әлеуметтік қолдау шаралары, кәсіпорынның экспорттық әлеуеті мен одан әрі жаңғырту жоспары туралы мағлұмат берілді. 2012 жылы салынған зауыт 700-ден 1250 мм-ге дейінгі әртүрлі диаметрлі және дискілі конструкциядағы теміржол дөңгелектерін шығарады. Зауыт жылына 300 мың дана өнім шығаратын қуатына енді. Бүгінде компанияда 750-ге жуық адам еңбек көрігін қыздыруда.

Бұдан кейін Президент серпінді клеммалар мен бұрандалар шығаратын «Ферротранстрейд» зауытының іске қосылуына куә болды.

– Бүгінде Екібастұз еліміздің теміржол машина жасау орталығына айналды. Қала кәсіпорындары өнеркәсіп өнімінің 73 пайызын құрайды. Олар жыл сайын теміржол саласына қажетті 85 миллиард теңгенің өнімін шығарады. Оның 70 пайызы экспортталады. Бүгін ТМД елдерінде баламасы жоқ «Ферротранстрейд» зауыты іске қосылды. Зауыт халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін құрамдас бөлшектер шығарады. Жаңа өндіріс толық күшіне енгеннен кейін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы терминалдар мен бұрандаларды сырттан алмайтын болады. Кәсіпорын отандық машина жасау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыратынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы кәсіпорынның өнімдерінен жасалған көрмені аралап, зауыттың еңбек ұжымымен кездесті. 160 адам жұмыс істейтін зауыт жылына 3 миллион рельс бекітпесі мен 4,5 миллион дана полимерлі төсем шығарады.

Президентке теміржол саласындағы өнеркәсіптің жетістіктері мен перспективалары туралы ақпарат ұсынылып, бейнеролик көрсетілді. Бұл кәсіпорындардың теміржол саласындағы еліміздің шикізаттық емес экспортының үлесін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берері анық.

Сурет Ақорда сайтынан алынды

К ЭФФЕКТИВНОЙ ЛОГИСТИКЕ

Перед Казахстаном стоит задача до 2024 года подняться на 55-е место в рейтинге Индекса эффективности логистики (LPI), немаловажную роль в котором играет внедрение новых технологий и цифровых решений в транспортной отрасли.

Об этом проинформировал заместитель генерального директора Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Канат Мукушев.

– Основная задача, которую призвана решить цифровизация транспорта, – увеличение объема транзитных грузоперевозок за счет сокращения времени в пути, что позволит существенно увеличить объем транзита в железнодорожном секторе по всем направлениям из Китая через Казахстан – в Европу, Турцию и Иран, – считает он.

Цифровая трансформация позволит внедрить клиентоориентированный подход в транспортно-логистическом комплексе Казахстана через содействие и развитие интегрированных транспортных сервисов для пассажиров (сервис «мобильность как услуга») и грузоотправителей (сервис «груз как услуга»), цифровизацию деятельности центральных и местных государственных органов в транспортной отрасли, внедрение интеллектуальных транспортных средств на всех видах транспорта.

– В рамках этих направлений будут обеспечены повышение качества транспортных услуг для потребителей, интеграция обратной связи потребителей через цифровые сервисы, своевременное информирование о ситуации в транспортной отрасли, – говорит Канат Мукушев.

АО «НК «ҚТЖ» в рамках цифровой трансформации разработано 5 инициатив и 11 проектов. Цифровизация призвана обеспечить достижение целей, установленных в Стратегии развития компании до 2029 года. В том числе обеспечения финансовой устойчивости, безопасности движения поездов и удовлетворенности клиентов, а также повышения эффективности.

Любовь РОВБА

КАНАТ КОБЕСОВ,
заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»

В ОТДЕЛЕНИЯХ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ЗАВЕРШИЛСЯ ОСЕННИЙ КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР ЛОКОМОТИВОВ, КОТОРЫЙ ПРОВОДИЛСЯ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНЫХ ПЕРЕВОЗОК ПАССАЖИРОВ И ГРУЗОВ В ЗИМНИХ УСЛОВИЯХ. ГЛАВНОЕ ВНИМАНИЕ ПРИ ОСМОТРЕ УДЕЛЯЛОСЬ ТЕХНИЧЕСКОМУ, ЭСТЕТИЧЕСКОМУ, ПРОТИВОПОЖАРНОМУ, САНИТАРНОМУ СОСТОЯНИЮ МАШИН, А ТАКЖЕ ПЕРЕВОДУ УЗЛОВ И СИСТЕМ ЛОКОМОТИВОВ НА ЗИМНИЙ РЕЖИМ РАБОТЫ

Маусым жүгі

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Бүгінгі таңда ел шығысын көмірмен қамту мәселесі толық қуатында жүзеге асырылуда. Мәселен, өткен қыркүйек-қазан айларында аймақтағы барлық қазандықтар мен теміржолдың тұйық желілеріне коммуналдық-тұрмыстық қажеттілік үшін 440 мың тоннадан астам көмір жеткізілген. Теміржол көлігімен тасымалданған бұл жүктің көрсеткіші, жоспардан 129 пайызға артық орындалып отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Осы ретте ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметіне сүйенсек, өңірге қазан айының өзінде ғана 232 мың тоннадан астам қатты отын жеткізілген. Ал қыркүйекте 213 мың тоннадан астам көмір толықтай теміржол арқылы тасымалданды.

«Қазіргі таңда Қазақстанда әртүрлі меншік иелерінің 63 мыңнан астам вагоны бар. Олардың 55%-ы маусым жүгін тасымалдауға жұмылдырылған. Бір ғана «Қазтеміртранс» АҚ қатты отынды тасымалдау үшін 13 мыңнан астам ашық вагонды ұсынып отыр. Бұл қазіргі парктің 66%-ын құрайды», – делінген аталмыш ақпаратта.

Осыған дейін мәлім етілгендей, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы әкімдіктер мен жүк жөнелтушілерден халық арасында дүрбелең тудырмас үшін көмір дайындауды алдын ала ұйымдастыру туралы бірнеше рет өтініш білдірген болатын. Сонымен қатар көмір кеніштерінде ашық вагондардың бос тұрып қалуына жол бермей, тиеу мерзімдерін сақтау ұсынылған еді. Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша аталмыш бағытта кешенді түрде жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте жергілікті теміржолшылар үшін кестеден ауытқу жоқ және тосын кедергілер туындамаған. Вагон жетіспеушілігін шешу мақсатында алдын ала іс-шаралар қабылданған. Дегелең станциясы мен Жаңа-Семей жүк станциясындағы жұмыс барысы аса қауырт болса да ретімен жүріп жатыр.

Айта кетейік, ҚТЖ-ның орталық аппаратында көмір тасымалдау бойынша штаб, ал бөлімше бойынша арнайы мониторингілік топтар жұмыс істейді. Олар кірме жолдардың иелерімен бірлесіп стратегиялық жүкті

жеткізу мәселелерін жедел шешу үшін шұғыл шешім қабылдауда. Бұл орайда теміржолшылар қауымы жергілікті атқарушы билік өкілдерімен, көмір саудалаушы компания өкілдерімен бірлесе жедел әрекет етуде.

Мәселен, Семей станциясымен әріптестік орнатқан «Жігер» ЖШС тұйық желісіне тәулігіне орта есеппен алғанда 15-20 вагон көмір жеткізіледі екен. Әлеуметтік көмір алушылар алдын ала жазылатындықтан мұнда қазір қарбалас жоқ. Қазір көмірдің тоннасы Семейде 9,8 мың теңгеге, Өскеменде 10,9 мың теңгеге сатылып жатыр. Бұл республикамыздағы ең төменгі баға болып саналады.

Суретті түсірген автор

СО СНЕГОПАДАМИ ПРИДУТ ЛАВИНЫ

Восточный Казахстан – один из самых лавиноопасных регионов страны, поэтому особенно актуальными стали проведенные на Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) учения по снегоборьбе, действиях при нестандартных ситуациях из-за ухудшения погодных условий.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

На учениях все было настоящим, кроме лавины. И телефонные звонки, и оповещение, и техника. Только снега пока в Усть-Каменогорске и его окрестностях пока нет. По легенде, в девять часов утра 5 ноября машинист грузового поезда, увидев сошедшую лавину на полувыемке 258-го километра с первого по четвертый пикеты перегона Коршуново – Черемшанка, сообщил об этом поездному диспетчеру (ДНЦО). Тот сразу же принял решение о закрытии перегона и, согласно схеме оповещения, сообщил о сходе лавины диспетчеру Семейского отделения магистральной сети и диспетчеру пути Оскеменской дистанции пути.

Диспетчер пути Айша Билялова сообщила руководству ПЧ-37 и вызвала бригаду на машины ФРЭС и СДПМ. Тут же начальник Оскеменской дистанции пути Нурбек Исагулов, действуя по соответствующим правилам, подал заявку диспетчеру ДНЦО о предоставлении локомотива для этой техники и назначил руководителей работ на снегоочистительную технику. Через несколько минут начальник ПЧ-37 запрашивает маневровый тепловоз для того, чтобы доставить на станцию СДПМ и ФРЭС. После выставления техники на станционный путь станции Оскемен-1 и подаче оборудованного локомотива для прицепки снегоочистительной техники, работники Оскеменского эксплуатационного вагонного депо провели техническое обслуживание и опробовали автотормоза рабочего поезда.

Наконец, после готовности к отправке рабочий поезд двинулся на станцию Коршуново, а после приказа ДНЦО – на закрытый перегон Коршуново – Черемшанка. С одной стороны железную дорогу здесь словно подпирают склоны невысоких гор, с другой – в нескольких десятках метров протекает река. Холодная красота, таящая в себе опасность в зимнее время именно из-за возможного обрушения снега на путь. И только сам человек может помочь себе и другим, прибыв на место схода лавин (к счастью, предполагаемого!).

Техника приступает к работе: сначала проходит ФРЭС, затем СДПМ. Первый проход – с ножом, второй – с открытием бокового крыла и ножом, третий проход – с боковым, угловым крылом и ножом для создания габарита пути.

– Когда мы в первый раз заезжаем, то вырезаем первый ход, отбрасывая снег с пути. Потом опять отъезжаем, раскрываем крылья на ФРЭС и убираем снег во второй раз. Затем заходит СДПМ и вычищает путь, – объясняет машинист Владимир Таганов.

После очистки пути от снега руководитель работ ФРЭС Серик Самбетбаев сообщает поездному диспетчеру, диспетчеру пути по радиосвязи об окончании работ на перегоне. Прибыв на станцию Коршуново, он дает уведомление об окончании работ диспетчеру ДНЦО, после чего перегон вновь открывают для движения поездов с установленной скоростью.

Конечно, путейцы и так знают регламент действий при возникновении нестандартных действий в зимнее время, но тут, как говорится, повторение – мать учения. В конечном итоге, такие учения положительно скажутся на повышении уровня безопасности движения поездов.

Фото автора

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

С НАЧАЛА ГОДА ОБЪЕМ ТРАНЗИТНЫХ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК В НАПРАВЛЕНИИ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ СОСТАВИЛ

493,5 ТЫС. ДФЭ

ОБУЧЕНИЕ ПО ВОПРОСАМ ЭТИКИ И КОМПЛАЕНС В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ПРОШЛИ ОКОЛО

12 ТЫС.

РАБОТНИКОВ ҚТЖ И ЕГО ДОЧЕРНИХ ОРГАНИЗАЦИЙ

ДО 2029 ГОДА ПРЕДПРИЯТИЕ «ЭЛЕКТРОВОЗ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ» ВЫПУСТИТ

369

ЭЛЕКТРОВОЗОВ, ИЗ НИХ 250 ГРУЗОВЫХ И 119 ПАССАЖИРСКИХ

КТ
rail-news.kz
№93 (2701) 09/11/2021

ҚАРМЕН КҮРЕСКЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

«Қазгидромет» ұсынған ұзақ мерзімді ауа райы болжамына сәйкес 6 қараша күні Ақтөбеде ылғалды температура сақталып, соңы қалың қарға ұласты. Станциясы аумағындағы теміржолдарды қалың қар басты.

Жылжымалы құрамның кідірісін болдырмас үшін аймақ теміржолшылары екінші деңгейлі қар тазалау жұмыстарын шұғыл ұйымдастыруы тиіс. Өңірде қар тазалау жұмыстарына арналған оқу-жаттығу сценариі осылай басталды.

Ақтөбе ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Айбек Таласов пен магистральдық желі бөлімшесі басшысының орынбасары Темірғали Көштаев құбылмалы ауа райын ескеріп, қар тазалау жұмыстарын ұйымдастыруға шұғыл бұйрық берді. Әрі қарай станция кезекшісі барлық мекемелерге хабарландыру жасап, қызметкерлерді екінші деңгейлі қар тазалау жұмыстарына шақырды.

Жол дистанциясына теміржол мекемелерінен 60-тан аса жұмысшы жиналды. Теміржолшыларға техникалық қауіпсіздік ережесі түсіндіріліп, белгі беру күртешелері таратылды. Тез арада топ-топқа бөлінген олар күректерін алып станция аумағына жиналды. Қар тазалау жұмыстарына жолды қардан ашуға арналған арнайы пойыз да жұмылдырылды.

Ақтөбе жол дистанциясының бас механигі Серік Түменбаевтың айтуынша, өңірде қар тазалайтын бес дана СМ-2 техникасы бар. Бір техника сағатына 340 куб қар тазалау мүмкіндігіне ие. Бір метрге дейін биіктіктегі қарды қарпуға қауқарлы. Барлық техника күзгі байқауда тексеруден өткен. Қысқы жұмыстарға сақадай сай дайын тұр.

«Ақтөбе аумағынан 62 теміржолшы қар тазалауға шықты. Тоқтаусыз жауған қалың қар салдарынан сағат 9:40-та басталған тазалау жұмыстары 17:00-ге дейін жалғасты. Станция аумағынан 14 700 м куб қар шығарылды. Жылжымалы құрамның кідірісі болған жоқ», – деп хабарлады Ақтөбе станциясының басшысы Нұрлан Ермағамбетов.

Бұл штаттан тыс жағдайлардың алдын алу үшін темір жолды тазалауға кететін уақыт нормативін ескере отырып, барлық арнайы техника қозғалысының бағыттары және бекітілген учаскедегі қар тазалау технологиясы бойынша өткен оқу-жаттығу болатын. Теміржолшылар өздеріне берілген міндетті белгілі уақыт аясында жоспардағыдай аяқтады.

Суретті түсірген автор

КЕДЕНДІКТЕРГЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

Нұрбек БЕКЕН,
Нұр-Сұлтан

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

«Кедентранссервис» АҚ ұжымы шаруашылықтарды қыс маусымында жұмыс істеуге дайындау жоспары аясында барлық 28 іс-шараны толық орындап шықты. Қатал маусымда кедендіктерге ешқандай кедергі жоқ.

Қысқа қамданыс барысында газбен жанатын қазандықтардың, түтіндіктердің, газ есептеуіштер мен түзеткіштердің техникалық жағдайы ревизиядан өтіп, ғимараттардың жылыту жүйелерін жуып тазалау және тексеру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жұмысшылар қыстық киіммен толық қамтамасыз етілді, яғни, 800 жуық жаңа арнайы киім жиынтықтары сатып алынды.

Әдеттегідей, автокрандар мен айырашалы крандардың қатал маусымда қалтқысыз жұмыс істеу дайындығына, жүк тиегіштер мен өзге де арнайы техникалардың техникалық қызмет көрсетуіне айрықша назар аударылды. Жанар-жағар май материалдары мен көмірдің жеткілікті қоры жасақталып, барлық филиалдарға қатты отын кестеге сай жеткізілген. Тәжірибелі мамандар жұмысқа жаңа тұрған 63 жас маманға қыс мезігілінде жұмыс істеудің қыр-сырын үйретіп, қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша сабақтар және техникалық нұсқаулықтар өткізді.

Кедендіктер қоғамның инфрақұрылымы кез келген ауа-райы, температура жағдайында үздіксіз жұмысты қамтамасыз етіп, клиенттер мен серіктестерге сапалы сервис ұсынуға дайын екендерін жеткізді.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ҚАШАН ДА ӨЗЕКТІ

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Бүгінгі таңда қоғамда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы ең өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан олардың табыс көлемін реттеп отыру маңызды. Сол бағытта жуырда Ұлттық компаниядан арнайы жұмыс тобы келіп, атыраулық теміржолшылармен кездесті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жұмыс тобының құрамында «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы қоғамдық берлестігі» төрағасының орынбасары Ж.Сәбитов, ҚТЖ қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі директоры М.Шакенов, персоналды басқару департаментінің бас менеджері С.Сыздықов, Магистральдық желі дирекциясы директорының орынбасары Т.Кенжебеков, т.б. болды.

Алдымен Атырау жүк тасымалы және магистралдық желі бөлімшесі басшылары баяндама жасап, жергілікті ахуалмен таныстырды. Он айда қос бөлімшеде де пойыздық және маневрлік жұмыстарда ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы болмаған. Атырау магистралдық желі бөлімшесі өткен жылдың қорытындысымен салалық жарыс жеңімпазы атанып, жұмысшылар жалақысына үстемеақы қосылған. Жалпы алғанда, өңірдегі өндірістік көрсеткіштер мен қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша жұмыстар жоғары деңгейде, бөлімше қысқа дайын. Елді жайлаған індетке қарсы вакцинация қабылдау бойынша да өңір теміржолшыларының көрсеткіші жоғары, 96 пайызы екпе алған, оған жаз айларында Ганюшкино, Сағыз станцияларына жұмысшылар үшін вакцина салатын дәрігерлер бар арнайы пойыздың ұйымдастырылуы да ықпал етіпті.

Әрине, теміржолшылардың күтетіні компания бойынша әлеуметтік саясатқа қатысты жаңалықтар. Сондықтан олар персоналды басқару департаментінің бас менеджері С.Сыздықовтың баяндамасын мұқият тыңдады. Оның мәлімдеуінше, «ҚТЖ» АҚ» ҰК бойынша әлеуметтік саланы жетілдіру бағытында көптеген шаралар жүргізіліп жатыр. Ең алдымен айтып кетерлігі, жалақыны өсіру мәселесі біртіндеп шешіліп келеді.

– Жалақыны өсірудің негізгі көрсеткіші – ол еңбек өнімділігі. Ағымдағы жылы даму стратегиясына сәйкес еңбек өнімділігін кемінде 10%-ға арттыруды жоспарлап отырмыз. Басқаша айтқанда, еңбек өнімділігін едәуір арттырмай, жалақыны бір уақытта 50% немесе 100% көтеру мүмкін емес. Биыл 1-ші қаңтарда 10 пайызға және 1 шілдеден тағы да 10 пайызға өсті, – деді ол. – Еңбек өнімділігін арттыру үшін трансформациялау бағдарламасының жобалары мен бастамалары іске асырылды, олардың көпшілігі сіздерге белгілі. 2020 жылы жаппай қысқартулар болған жоқ. Ағымдағы жылы да жаппай қысқарту жоспарланбаған. Қызметкерлер санын оңтайландыруға алып келетін кез келген өзгерістер туралы ұжымдық шартқа және ҚР Еңбек кодексіне сәйкес алдын ала хабардар етіледі.

Баяндамашының айтуынша, өндірістік қызметкердің жалақысын көтеру мәселесін кешенді түрде шешу үшін өткен жылдың желтоқсан айынан бастап арнайы комиссия жұмыс істеп жатыр. Құрамына «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің өкілдерінен бөлек, Ұлттық экономика министрлігі, кәсіподақ және жұмысшылар ұжымы кірген комиссия барлық іс-шараларды жүзеге асырудың уақыттық кестесі мен жалақыны өсірудің кезеңдік жоспарын жасады.

Атап айтқанда, биыл Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай барлық жұмысшыларға ең төменгі жалақы көлемінде сыйақы беріледі және 1300 адам осы мерекеге байланысты марапатталып, олардың сыйақысы екі есеге көбейтіледі. Еңбек тиімділігін арттырған сала қызметкерлеріне көтерме сыйақы беру де жалғасуда. Бүгінде оны жол монтерлері мен бригадирлері, жолаушылар пойызының жолсеріктері, электрмен жабдықтау дистанциясының электромеханиктері алып келсе, енді жыл аяғына дейін белгі беру және байланыс дистанциясы, «Вагонсервис» мекемесі жұмысшылары да алатын болады. Ашық аспан астында жұмыс жасайтындар үшін қосымша ақы төлеу де қарастырылуда.

Тағы бір жаңалық – ол зиянды жұмыс үшін төлем төленетіні. Еңбек демалысын дұрыс ұйымдастыру да сөз болды. Бұрын демалу орындарына жолдама 3 жылда бір берілсе, енді 2022 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап екі жылда бір беріледі екен.

Кәсіподақ өкілі Ж.Сәбитов, ҚТЖ қауіпсіздік жөніндегі директоры М.Шакенов,ЦЖС өкілі Т.Кенжебеков те сөз алып, әлеуметтік мәселелердің бар екенін, бірақ біртіндеп шешіліп келе жатқанын атап өтті. Әсіресе, өңірдің экологиялық ахуалының нашарлығы халыққа қиын болып тұр. Соған қарамастан теміржолшылар еңбек өнімділігін арттырып, өндірістік көрсеткіштерді жоғары деңгейде ұстап келеді. Жиын соңында комиссия мүшелері жұмысшылардың талап-тілектерін тыңдап, жауап берді.

Суретті түсірген автор.

«ONLINE САТЫП АЛ!»: ТИІМДІ ӘРІ ҮНЕМДІ

АКЦИЯ

Соңғы жылдары жолаушылардың алпыс пайыздан астамы теміржол билеттерін онлайн сатып алуды тұрақты дәстүрге айналдырған. «Жолаушылар тасымалы» АҚ алдағы уақытта онлайн билет сатылымын әрі қарай дамытып, жолаушыларды уақытты тиімді пайдалануға шақырып отыр. Осыған орай ағымдағы жылдың 8 қазанынан бастап 9 қарашаға дейін еліміздің вокзалдарында «Online сатып ал» акциясы өткізілді.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Қоғам қызметкерлері вокзалдарды аралап, жолаушыларға Компанияға тиесілі интернет сайт пен «Билеты КТЖ» мобильді қосымшасы арқылы билетті онлайн рәсімдеуді үйретіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Пойызға билетті онлайн сатып алуды халыққа көрсетіп, оның тиімділігі мен ыңғайлы екенін түсіндіріп жатырмыз. Тағы бір жаңалық, мүгедек адамдарға сайттан билет сатып алу мүмкіндігін аштық, бұрын ондай сервис жоқ болатын. Мүгедектер 2019 жылдан бері «Мейірім» дисконт картасы арқылы сайттан билет сатып алатын. Ол үшін алдын ала вокзалға келіп жеңілдік беретін құжаттарының көшірмесін тапсырып арнайы дисконт картасын рәсімдейтін. Қазір «Мейірім» дисконт картасынсыз-ақ сайттан билет сатып аларда арнайы egovmobile қосымшасынан әлеуметтік ID кодпен онлайн түрде мүгедектік мәртебесін растап, билет сатып ала алады. Өкінішке қарай, жолаушылардың көбі өзіміздің ҚТЖ компаниясының bilet.railways.kz сайты мен қосымшасын біле бермейді екен. Көбі басқа жекеменшік сайттарды/қосымшаларды жүктеп, билеттерді содан алып жатыр. Қолданушылар бұл сайттардың комиссия ұстап қалатынын біле бермейді. Ал біздің сайтта да, қосымшада да билет сатып алғанда комиссия ұстамайды», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ сату және клиенттермен жұмыс істеу департаментінің бас менеджері Ғазиза Қасымова.

Қоғам қызметкерлері теміржол билеттерін комиссиясыз bilet.railways.kz сайты мен «Билеты КТЖ» мобильді қосымшасы арқылы, сонымен қатар электрондық билеттерді өзіне өзі қызмет көрсету автоматтары, яғни «QIWI», «Касса 24», агенттік кассалар, пошта бөлімшелері мен 15 интернет сайт арқылы

алуға болатынын атап өтті.

–Біздің сайт және оның мобильді қосымшасы пайдаланушыларға өте ыңғайлы етіп жасалған. Мәселен, билет жоқ кезде «Күту парағы» арқылы электронды кезекке тұра алады. Мұнда 70 пайызға дейін адамдардың сұранысы орындалады. Өйткені, статистиканы көріп отырамыз. Алайда бір қынжылатын жағдай, адамдар кейде табылып тұрған билетті сатып алмайды. Ол туралы элетрондық поштасына және ұялы телефон байланысына жіберілген смс хатты ашып қарамайды. bilet.railways.kz сайты 2019 жылдан бері жаңартылған нұсқасымен жұмыс істеп келеді. Сайтқа көптеген өзгерістер енгізіліп, функционалдары кеңейтілді, – дейді Ғазиза Қасымова.

Айта кетейік, қосымшадағы «Күту парағы» қызметі өте тиімді. Қолданылмаған билеттер тапсырылғанда пайда болатын бос орындар «Күту парағы» арқылы қайта сатылымға шығады. «Күту парағы» арқылы билет табылған жағдайда жолаушыларға 2 сағат ішінде билеттерді сатып алу керегі туралы хабарлама келеді. Егер билет берілген уақытта сатып алынбаған жағдайда ол автоматты түрде «Күту парағында» тұрған келесі жолаушыға ұсынылады.

«Қанша адам билет таппай жүреді. Ал кейбіреулердің Күту парағынан билет шығып тұрса да сатып алмайтынын байқаймыз. Ал енді кейбір жолаушылар уақыт үнемдейтінін білсе де онлайн билет сатып ала бермейтін көрінеді. Себебі, электронды поштасы жоқ, содан ба онлайн билет алудан қашқақтайды. Одан бөлек, жолаушылар вокзалға отырғызу талонын алу үшін келетінін байқадық. Осы ретте отырғызу талонын да біздің сайт арқылы алуға болатынын халыққа түсіндіріп, көрсетіп беріп жатырмыз», – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ сату және клиенттермен жұмыс істеу департаментінің бас менеджері Динара Құсанова.

Жолаушылар үшін тағы бір жағымды жаңалық, онлайн билетті ҚТЖ сайтынан алып, бірақ бір себептермен билетті пайдаланбай уақытында қайтарса ақшасын да жылдам қайтарып ала алады. Сонымен қатар пойыз кешігіп келе жатса жолаушылардың билет сатып алғанда көрсетілген телефон нөмірлеріне пойыздың кешігіп келе жатқаны туралы хабарлама жіберілетін болады. Сондай-ақ, жолаушыларға пойыз кешігіп келе жатқаны туралы ақпаратты жақын арада Компанияның корпоративтік сайтынан да көруге болады.

Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап жолаушылар eGov mobile қосымшасындағы QR код арқылы электронды жеке басын куәландыратын құжатын жолсерікке көрсетіп пойызға отыра алады. Бұл билетті сөмкенің түбінен алуға қиынсынатын жолаушылар үшін өте ыңғайлы әдіс. Бұған қоса, қазан айының 10 жұлдызында пилоттық жобада 2 маршрут бойынша әйелдер вагонына билет сату іске қосылған. Айта кету керек, бұл қызмет сапар кезінде жолаушыларға қосымша ыңғайлы және жайлы болу үшін жасалған. Халық арасында бұл қызметке сұраныс артып отыр екен.

Суретті түсірген автор

№93 (2701) 09/11/2021

КОНТРОЛЬ ЗА ЗДОРОВЫМ ПОЛОТНОМ

БЕЗОПАСНОСТЬ

В текущем году в Карагандинском регионе наблюдается снижение нарушений безопасности движение на 10%.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам заместителя руководителя инспекции транспортного контроля по Карагандинской области Дастана Жумагулова, на сегодня владельцы частных подъездных путей не соблюдают требования Закона «О железнодорожном транспорте», не принимают меры по устранению неисправностей верхнего строения пути. Это касается и ремонтных бригад, некачественно выполняющих свою работу.

– Как известно, инспекция транспортного контроля является уполномоченным органом в сфере обеспечения безопасности на железнодорожном транспорте. В связи с этим, в наши обязанности входит круглогодичное осуществление контроля за состоянием пути, – говорит Дастан Жумагулов. – Это диагностика, изучение причин появления отступлений и неисправностей, выполнение работ по их устранению и предупреждению. Работы по текущему содержанию земляного полотна выполняются путевыми бригадами дистанций пути либо специализированными бригадами по содержанию земляного полотна.

Иногда необходимы работы по уширению или сужению пути. В любых случаях, оценку всех действий дает ревизор. В его обязанности также входит расследование причин в некачественном содержании пути, которые в итоге могут привести к сходу. Как правило, квалифицированный и опытный ревизор выполняет свою работу профессионально и качественно. Если, к примеру, произошел излом шейки оси колесной пары, то он выясняет, когда последний раз проводилось последнее техническое обслуживание поезда, с какими гарантийными сроками, и опробование тормозов. Все эти моменты тщательно расследуются, после чего дается заключение.

– Очень важно, чтобы каждая железнодорожная структура добросовестно относилась к своей работе во избежание негативных ситуаций на путях, – сказал в заключении Дастан Жумагулов.

Фото автора

ОНИ ЗАЩИЩАЮТ ГРУЗЫ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

ПЕРЕВОЗКИ

В Костанайском филиале ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» усилили охрану и сопровождение грузов транспортировки урожая-2021.

Как известно, Костанайская область является крупнейшим поставщиком товаров сельскохозяйственной отрасли, а именно зерна и продуктов зерновой переработки. В связи с чем силами работников филиала «ВЖДО» обеспечивается прием, охрана и сопровождение на линейных станциях обслуживаемого участка грузов сольхозпроизводителей. В основном это зерно, мука и другие продукты зерновой переработки. Как сообщили в Костанайском филиале ТОО «ВЖДО», в ходе охраны и транспортировки данных грузов осуществляется полное взаимопонимание с работниками железнодорожного транспорта для осуществления выполнения государственной программы развития агропромышленного комплекса. На сегодня предъявленные под охрану поезда сопровождают сотрудники команд на станциях Есиль, Кушмурун, Костанай, Тобол, Арка, а также стрелковые группы на станциях Аркалык и Железорудная. Кроме этого, задействована мобильная группа оперативного реагирования.

Кстати, протяженность обслуживаемого участка Костанайским «ВЖДО» составляет более 2,5 тысячи километров. Часть сотрудников организации задействована на охране стационарных постов, другая – грузов. Успешной работе филиала способствует рациональное использование сил и средств. В качестве форм организации деятельности подразделений в основном используются караулы, наряды и посты охраны, что обеспечивает круглосуточную охрану грузов и объектов.

Сотрудники полностью обеспечены специальным форменным обмундированием. А новые здания для размещения личного состава команд построены на станциях Тобол, Кушмурун в соответствии со стандартами, учтены все существующие нормы для комфортного пребывания сотрудников команды на рабочем месте. В зданиях размещены караульное помещение, комнаты для чистки и хранения оружия, учебный класс, комната отдыха, душевая, медпункт и другие необходимые помещения для продуктивной работы и полноценного отдыха охранников. Во всех зданиях, расположенных на местах дислокации команд, уже запущено отопление.

Фото автора

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

СОВЕЩАНИЕ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошло селекторное совещание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте по итогам 9 месяцев 2021 года.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

На заседании Координационного совета присутствовали представители транспортной прокуратуры городов Нур-Султан, Кокшетау, ЛОП на станции Кокшетау, филиала АО «ВЖДО Астана по Кокшетаускому региону, начальник отдела безопасности филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети», первые руководители станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо, дистанций пути, сигнализации и связи, электроснабжения, расположенных в границах Акмолинского отделения, руководство и специалисты Акмолинского отделения магистральной сети.

О состоянии травматизма с посторонними гражданами на станционных путях по итогам 9 месяцев выступил и. о. директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Адильхан Дакенов.

В свою очередь директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Сайран Рамазанов отметил положительные результаты, достигнутые в рамках проводимых работ, а также остановился на предстоящих задачах, поставленных перед Акмолинским отделением магистральной сети.

В ходе совещания состоялся обмен мнениями. Присутствующие внесли свои предложения по повестке дня. В своем выступлении первый заместитель начальника ЛОП на станции Кокшетау подполковник полиции Сагандык Маймишев отметил, что самыми тревожными остаются перегоны Карагай – Васильковка и Макинка – Акколь.

Сотрудниками правоохранительных органов в адрес Акмолинского отделения магистральной сети были внесены представления касательно установки ограждений на вышеуказанных участках. А также пешеходного настила и знаков на станции Кокшетау-2, так как люди вынуждены ходить по железнодорожным путям, на которых расположены стрелочные переводы. Отмечено, что одна из острых проблем – отсутствие камер видеонаблюдения.

Положительное решение имеющихся вопросов значительно улучшит качество обеспечения безопасности граждан на объектах транспорта.

Фото автора

ПЛАНИРУЙ – КОНТРОЛИРУЙ – КОРРЕКТИРУЙ

ИНТЕРВЬЮ

Одна из главных тем на железнодорожном транспорте – безопасность движения поездов. Какие комплексные задачи по повышению уровня безопасности стоят перед ревизорским аппаратом, рассказал главный региональный ревизор по Алматинскому региону Мейрамбек Серикбаев.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

– Безусловно, уровень безопасности движения является приоритетной задачей. И на всех этапах своего развития Алматинское отделение грузовых перевозок решало задачи повышенной сложности, являясь одним из ведущих транспортных предприятий АО «НК «ҚТЖ», четко координируя вопросы перевозочного процесса в южной столице и за ее пределами. Отделение имеет пять железнодорожных стыков: с Карагандинским отделением ГП (станция Саяк), Жамбылским (станция Отар), Семейским (станция Актогай) и с Китайской железной дорогой (станции Достык и Алтынколь).

В настоящее время отделение сталкивается с определенными трудностями в связи с увеличением транзитного грузопотока и местного груза.

Одна из причин – отсутствие технической возможности в их обработке одновременно в полном объеме. Именно по этой причине в настоящее время мы сталкиваемся со сложностями в эксплуатационной работе станций Алматинского узла, предприятия которых выполняют основную долю грузовых операций отделения.

Сложная поездная обстановка по межгосударственным стыкам Достык и Алтынколь обусловлена ограниченным приемом грузов китайской стороной, что приводит к простою поездов как на участковых, так и на промежуточных станциях, увеличивая рабочий парк и снижая пропускную способность, а также увеличивая число брошенных составов назначением в КНР.

Все вышеперечисленные факторы напрямую влияют на организацию движения поездов и производства маневровых работ. Но, несмотря на все трудности, коллективы Алматинского отделения ГП и магистральной сети принимают все необходимые меры для обеспечения и выполнения поставленных задач по перевозке пассажиров и грузов, при безусловном обеспечении безопасности движения, сохранности перевозимых грузов.

– Как известно, в поле зрения было и остается обеспечение безопасности движения поездов. А вопросы расследования причин нарушений безопасности движения, без сомнений, относятся к числу наиважнейших. Как у вас решаются эти вопросы?

– Важным направлением деятельности ревизорского аппарата является проведение технического аудита системы управления безопасностью движения, определение причинно-следственных связей транспортных происшествий и событий, что, в свою очередь, позволяет принимать более эффективные и качественные управленческие решения на всех уровнях.

Также есть случаи, которые прошли без последствий, остаются невыявленными и неучтенными, а если нет учета, значит, их не видят руководители линейных подразделений и регионального уровня, не анализируют причины возникновения, не принимают действенных мер по предотвращению нарушений технологических процессов и ошибок работников. Такое положение дел приводит к разложению исполнительской дисциплины. Стоит сделать выводы, по которым необходимо принимать управленческие решения, отслеживать сопутствующие причины и факторы, влияющие на возникновение нарушений безопасности движения, что повышает риск их возникновения. Все эти недостатки и погрешности показывают, что не работает основной принцип системы управления безопасностью перевозочного процесса: планируй – выполняй – контролируй – корректируй.

– Сегодня в национальной компании «Қазақстан темір жолы» четко определены корпоративные принципы менеджмента безопасности движения. Что вы скажите об этом?

– В число основных направлений научных исследований в этой области целесообразно выделить совершенствование культуры безопасности движения, развитие инструментов риск-менеджмента и процессного управления, формирование нормативно-методической базы в области обеспечения безопасности движения. Кроме того, повышение надежности и безопасности железнодорожной техники и технологических процессов. Необходимы развитие информационных технологий и искусственный интеллект для предупреждения нарушений безопасности движения, а также совершенствование аварийно-восстановительных работ и расследований происшествий, обеспечение безопасности высокоскоростного движения.

– Снижение интенсивности возникновения ошибок по причине человеческого фактора является не менее важной задачей, чем минимизация технических отказов. Расскажите об этом.

– Анализируя причины и характер ранее допущенных нарушений безопасности движения, следует отметить, что основной причиной является человеческий фактор. Это невыполнение на своих рабочих местах требований инструкций и других нормативных документов, регламентирующих порядок и последовательность действий исполнителями операций, возложенных на них должностными обязанностями. Особенно это проявляется при нарушении нормальной работы устройств СЦБ и при возникновении нестандартных ситуаций. Более того, одним из факторов, влияющих на причины допускаемых случаев нарушения безопасности движения, является то, что иной работник, стремясь ускорить работу, сокращает время выполнения операции, то есть допускает грубое нарушение требований инструкций и должностных обязанностей. А это чревато последствиями.

Порой недооценка степени опасности, неоправданный риск, невнимательность, пренебрежение правилами безопасности движения, которые даже характерны для работников, считающих себя слишком опытными, в совокупности всех допущенных нарушений приводит к нарушению безопасности движения.

Также хочется сказать, что работа в условиях реформирования требует глубокого, осмысленного подхода к делу. Разделение отрасли на отдельные самостоятельные организации неизбежно приводит к определенному разрыву связей в единой цепи железнодорожной деятельности. Разрыв этих связей представляет особую опасность. Поэтому на месте разорванных внутренних связей некогда единой структуры должны возникнуть «стыки взаимодействия». За безопасность движения поездов должен ратовать каждый работник, который пришел в систему железнодорожного транспорта.

Фото автора

КТ
rail-news.kz
№93 (2701) 09/11/2021

ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, ЖАСТАР?

ШАҒЫН БЕКЕТ

Сарышағаннан бері, Мойынқұм даласына қарай алпыс шақырым қашықтықта Жастар станциясы бар. Төртінші класты, тірлігі – тап-тұйнақтай, шағын ғана мекеме. Тіршілік нышаны сезілмейтін құла дүзге қона салған Жастар станциясы жазық дала бетіндег мең сияқты.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Бір кездері мұнда елу-алпыс үй қоныстаныпты. Яғни, бір ауыл станциядан несібелерін айырған ғой. Егемендігіміздің алғашқы жылдары уақытша қиындықтар орын алып, станцияның шаруасы шатқаяқтаған. Әлгі елу-алпыс үйге жұмыс болып тұрған мекеменің мазасы кеткен соң, тұрғындар жан-жаққа көше бастаған.

«Қазіргі ахуалымыз жаман емес, теміржолда тіршілік жанданып, жұмыс көбейіп келеді. Шеткері отырсақ та, айналамызда ел-жұрт бар. Солтүстігімізде Сарышағанға қараймыз, оңтүстігімізде Мойынқұм жатыр. Ғимаратымыз ескі де болса, сүйегі мықты. Жылуымыз электр жүйесімен тарайды. Жұмыс істеуге барлық жағдай бар», – дейді станция басшысы Қуаныш Қуанышқалиев.

Станциядан Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің барлық жүк пойыздары өтеді. Тек Жамбыл емес, күрежолдың бойында тұрғандықтан әрі бері қатынаған барлық жүк және жолаушы пойыздары бір тынбайды. Алматыдан Нұр-Сұлтанға қатынайтын, Қостанай, Көкшетау, Петропавл қалаларына бағыт алған бүкіл жолаушылар пойыздары да Жастар станциясын көктей өтеді. Пандемиялық ахуалға байланысты Екатеринбургке қатынайтын пойыз ғана тоқтап қалған. Басқасы бәз-баяғыша, жүріп жатыр. Төртінші класты мекеменің міндеті – құрамдарды қабылдау, жөнелту. Ешқандай түсіріп алу, тиеу операциялары атқарылмайды. Станция бастығынан бөлек екі кезекші бар. Бірі – Берік Қожабеков, екіншісі – Нұрсұлтан Домалақов. Жастары отыздың ар жақ, бергі жағындағы жастар. Іске икемді, ымырашыл, келісіп пішіп, мекеменің жұмысын дөңгелетіп отыр.

Станция бастығы Сарышағаннан, ал екі кезекші Мыңарал станциясынан қатынап жұмыс істейді екен. Сонымен қатар мұнда ШЧ, ПЧ мекемелерінің екі жолшысы, екі электромонтеры де вахталық әдіспен еңбек етеді.

«Пойыз деген ағылып жатыр. Кедергісіз өткізіп отырамыз, ешқандай мәселе туындамайды. Тек бұл жақтың табиғаты бөлек: қысы – қатал, жазы – аптап ыстық. Оған да үйреніп алғанбыз. Басшылық тарапынан барлық жағдайымыз жасалған. Қысқы-жазғы арнайы киімдеріміз бар, құрал-жабдықтарымыз сайлаулы», – дейді Жастардың жігіттері.

Ауыз су мәселесі мұнда тасымалмен шешілген. Яғни, айына екі мәрте Мойынқұмнан тұщы су толтырылған цистерналар жол бойы Ақжолтай, Қашқантеңіз, Қаражыңғыл станцияларын сумен қамтамасыз етіп, Жастар станциясына келеді. Судан тапшылық жоқ, жеткізілген бір цистерна су барлық қажеттілікке жететін көрінеді.

«Жақында өткен күзгі комиссиялық бақылау жұмысымызға жоғары баға берді. Ешқандай кемшілік табылған жоқ. Алдағы қысқа да дайындығымыз тастүйін», – деді Жастар станциясының бастығы нық сеніммен.

Суретті түсірген автор

ПОЙЫЗ КЕСТЕСІ ӨЗГЕРДІ

ҚАЛА МАҢЫ ТАСЫМАЛЫ

Облыс орталығынан шалғайдағы Құрманғазы ауданына, Атырау мен Дина Нұрпейісова станциялары аралығында қатынайтын пойыз кестесі өзгерді. Бұл жолаушылардың сұранысына байланысты болып отыр деп хабарлайды тасымалдаушы «Otpan Logistic» компаниясының өкілдері.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ендігі жерде, яғни 7 қарашадан бастап жергілікті пойыз Атырау станциясынан кешкі 18:10-да қозғалып, соңғы аялдама Дина станциясына 00:36 минутта жетеді. Ал кейін қарай 1:16-да жүріп, таңертеңгі 7:39-да Атырауға келеді. Оның себебі жол-жөнекей ауыл, ауданнан облыс орталығы Атырау қаласына қатынаған жұртқа ыңғайлы екен, яғни пойыздың таңертең келуі қолайлы, кешке дейін бар шаруасын бітіріп пойызға отырғандар діттеген жеріне ел жатпай жетеді. Ал бұрын түнгі бірде келетін.

Айта кетейік, Атырау – Аққыстау – Ганюшкино – Д.Нұрпейісова бағытындағы №631/632 пойыз құрамында төрт вагон: 54 орындық 1 плацкарт және әрқайсысы 81 орыннан үш жалпы вагон бар. Жалпы вагонға билет құны соңғы станцияға дейін 895 теңге болса, плацкарт – 2475 теңге. Пойыздың станцияларға тұру уақыты әр түрлі, Исатай және Құрманғазы аудандарындағы шағын разъездерге 1, 2 минуттан, ал үлкен станцияларға 4 минут аялдайды.

Суретті түсірген автор

ПРОДОЛЖАЕМ ЗАЩИЩАТЬСЯ ОТ COVID

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

ВАКЦИНАЦИЯ

В АО «НК «ҚТЖ» продолжается прививочная кампания. Всего по данным на 4 ноября вакцину получили около 92 тысяч железнодорожников.

Только за последнюю неделю привилось более 430 человек. В целом, по компании общий процент получивших первый компонент составил 83,8, второй – 81,5.

Железнодорожники очень серьезно подходят к иммунизации. При этом, свои дозы вакцины получают абсолютно все – и те сотрудники, чья работа предполагает контакт с большим количеством людей, и специалисты, обеспечивающие движение поездов. Среди лидеров в разрезе регионов – Уральск, Кызылорда, Алматы и Шымкент.

ХАБАРЛАМА КЕЛЕДІ

СЕРВИС

«Нұрлы жол» вокзал кешені пойыздардың кешіккенін Push-хабарлама арқылы әр жолаушы телефонына жеткізетін жаңа мобильді қосымшаға қосылды. Соның арқасында бұрын пойыздың кідіртілуін білмей қаламыз деп шағым айтатын жолаушылар саны азайған.



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Вокзал кешенініңтехнологиялық процесті ұйымдастыру бөлімінің менеджері Ертужан Құлыбаевтың айтуынша, бұл қосымша «Darmen» деп аталады. «I2NIK» компаниясы жасап шығарған жүйеге вокзалдар арасынан бірінші болып «Нұрлы жол» кешені тіркелген.

– Бізде пойыздардың кешігуі туралы хабарлама жіберуде қиындықтар көп болды. Ал әуежайда ұшақтың кешігуіне байланысты хабар жіберу бұрыннан жолға қойылған. Жолаушылар үнемі пойыздың кешігетінін өз уақытында хабарлап айтпайсыздар немесе мүлдем хабарлама жібермейсіздер деп шағым айтатын. Соған байланысты біз «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на хат та жаздық. Бірақ бұл көп қаржы керек ететін, бюджетке енгізу жағы қиын шаруа болып шықты. Міне, ақыры біз нарықта сұранысы жоғары жаңа қосымшаның қызметін таптық. Аталған компаниямен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Бұл қосымша оған тіркеліп, жазылған адамдардың ұялы телефондарына лезде хабарлама жіберіп отырады. Ол үшін біз пойыздар жарты сағаттан көп кешігетін жағдайда Push-хабарлама, шаблондардың қазақша-орысша нұсқасын әзірледік. Оған вокзалдан бір адам бөліп, компьютерлік жүйе арқылы әлгі қосымшаға қалай жүктеуді, жіберіп отыруды үйреттік, – дейді бөлім менеджері.

Бір айта кетерлігі – вокзал бұл қызмет үшін мобильді қосымша жасаушы компанияға ақы төлемейді. Олар бастапқыда жарнама қағаздарын беріп, соларды вокзал ішіне, кіреберістерге ілуді тапсырған. Бүгінде осы қосымшаны жүктеп алған жолаушылар қай пойыз қанша минутқа кешігетінін алдын ала біліп отырады.

Заманауи вокзалда пилоттық жоба ретінде енгізілген қосымшаға енді Қазақстанның барлық вокзалдарын қосу көзделуде. Ол үшін Магистральдық желі дирекциясы мен аталған қызмет көрсетуші компания арасында меморандумға қол қойылады. Қазір «Нұрлы жол» вокзалы бірінші болып жасаған дайын шаблондар мен Push-хабарламалар мәтіні өзге вокзалдарға таратылуда.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КУБОК ЗОЛОТОЙ ОСЕНИ

СПОРТ

В индустриальном парке столицы состоялся первый турнир по мини-футболу «Золотая осень-2021» среди предприятий железнодорожного транспорта, посвященный 30-летию независимости РК.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Организатором масштабного спортивного мероприятия выступил филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» (ФЦкадр). Главной целью турнира является пропаганда здорового образа жизни среди железнодорожников и повышение их спортивного мастерства.

Центр обладает большой учебно-материальной базой, в том числе современными спортивными площадками для мини-футбола, баскетбола и волейбола.

На приглашение поучаствоать в соревнованиях откликнулись предприятия железнодорожного машиностроения АО «Локомотив құрастыру зауыты», ТОО «Вагоностроительный завод «Тұлпар», расположенные на территории индустриального парка. Также за звание лучших поборолись команды железнодорожного узла Астана Астанинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-11), дистанции пути (ПЧ-17) и работники хозяйства СЦБ и связи (ШЧ-16).

В настоящее время в центре проходят обучение помощники машинистов электровоза ТОО «Dar Rail». Чтобы они не остались в стороне от турнира, каждый из них по желанию мог присоединиться к любой команде. Забегая вперед, отметим, что особенно отличился слушатель Рауан Ешмухамбет, игравший за ФЦкадр. В качестве судей на турнир пригласили ветеранов спорта Вячеслава Киприянова и Асета Абакаева. Бывший работник локомотивного депо столицы Вячеслав Киприянов является финалистом Кубка МПС СССР, неоднократным чемпионом турниров и спартакиад в железнодорожной отрасли. Асет Абакаев возглавляет ветеранские футбольные лиги АФЛ и Павлодарской области.

Приветствуя участников на торжественной церемонии открытия, руководство центра пожелало им успехов, интересной борьбы и, конечно, победы. Поддержать коллег и друзей в этот день пришла большая группа болельщиков. Увлеченно следила за ходом игр и переживала за свою команду заместитель директора производственного обучения ФЦкадр Салтанат Ахметова.

Несмотря на ненастную погоду – снег и холод, на поле во время соревнований было по-настоящему жарко.

Участников поделили на две группы по три команды. По итогам первых игр в полуфинал пробились по две команды из каждой группы. Все полуфиналы оказались равными по накалу борьбы и мастерству участников. Исход матча в большинстве случаев завершался с разницей в один гол. Кому-то повезло меньше, и они остановились в шаге от финала, однако оставили о себе приятные впечатления.

Особенно зрелищным стал матч за первое место между ТЧЭ-11 и командой «Тұлпар». Он держал болельщиков в напряжении до последней секунды и закончился ничьей – 1:1. Счет открыла команда «Тұлпар», но за 5 секунд до свистка скользкий мяч угодил в руку защитника, и судьбу встречи предстояло решить в послематчевых пенальти. На этом этапе удача улыбнулась локомотивщикам – они стали обладателями Кубка победителя, а футболисты «Тұлпар» заняли вторую ступень пьедестала почета. Борьба за третье место между командами «ФЦкадр» и ПЧ-17 была не менее острой, завершившись победой хозяев турнира со счетом 3:2.

Лучшим игроком и лучшим защитником по итогам состязаний признаны работники ТЧЭ-11 Дамир Оразаев и Руслан Салов. Лучшим нападающим – сотрудник завода «Тұлпар» Биржан Жанабай.

Нельзя не отметить заслуги ветеранов спорта, принимавших участие в состязаниях. К примеру, вратаря команды АО «ЛҚЗ» – 59-летнего слесаря тележечного цеха Ердена Абишева и организатора турнира – нападающего команды «ФЦкадр» Сансызбая Шашдаулетова, который является участником чемпионата РК по футзалу среди ветеранов 50+.

– Хочу поблагодарить организаторов за этот праздник спорта. Соперники все достойные, сильные. Победа нашей команды в турнире и номинация «Лучший защитник» для меня стали лучшим подарком на день рождения. Надеюсь, эти соревнования станут традиционными, – поделился впечатлениями Руслан Салов.

Все победители и призеры турнира «Золотая осень-2021» награждены грамотами и памятными призами. В планах организаторов – сделать турнир ежегодным.

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.